

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ДІНИ ҮДЕРІСТЕР МӘТІНІНДЕГІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫ

Ергенболатқызы Айгерім

Aiko_12_04_94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтану – 4курс, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мусабаева А.Б.

Қазақстан тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап, діни салада үйлестірілген мемлекеттік саясатты жүргізіп жатқаны мәлім. Соңғы жиырма жылда дін және конфессиялық қарым-қатынастар саласында жағдай өзгерді. Осы кезеңнің ерекшелігі ретінде қоғам өмірінде діннің рөлі айтарлықтай өсті. Соның ішінде, олардың беделі мен мәртебесі артуда, қызметтері кеңеюде, сенушілер саны мен діни бірлестіктердің саны өсуде. Қоғамның діни саласындағы жағдайда дін социологиясы діни процестерді, діншілдігін, діни наным сенім деңгейін, әлеуметтік қарым-қатынастар әсерін, оның салдарын зерттейді. Дін социологиясының ғылыми пән ретінде қалыптасуы көбінесе еуропалық қоғамындағы әлеуметтік, экономикалық және мәдени процестерге байланысты. Дін социологиясы XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропада, дәлірек айтқанда, Франция мен Германия елдерінде пайда болды. Оны әлеуметтану ғылымдарының арнайы бір бөлігі ретінде қалыптастырған ғалымдардың алдыңғы қатарында Э.Дюркгейм, М.Вебер, К.Маркс, Т.Парсонс және т.б. болды.

Әлеуметтік теорияларда құрылымдық-функциялық ойларды дамытушылар: Т.Парсонс, Э.Дюркгейм, Р.Мертон, Г.Спенсер, Чарлз Райт Миллс. Құрылымдық-функциялық – әлеуметтанудағы аса маңызды және күрделі бағыттардың бірі. Құрылымдық-функциялық іліміне әлеуметтік нақтылық, шындықтың эмпириялық фактілерін түсіндірудің толық жүйесі ретінде әлеуметтік әрекеттіліктің аяқталған жүйесін құруға саналы түрде талпыну тән. [1]

Дін социологиялық талдаудың нәтижесінде ең алдымен әлеуметтік феномен ретінде алға шығады. Оны ғылыми анықтаудың қарапайым және ең кең тараған әдісі ол индуктивті әдіске негізделеді: мүмкіндігінше қарастырылып отырған құбылысқа қатысы бар фактілердің бәрін жинап, оларды салыстыра отырып, зерттеліп отырған феноменді сипаттаушы ретінде ұқсас жақтарын, қайталанып отыратындарын, ортақ қасиеттерін бөліп қарастырады. Діни тәжірибелерді талдау негізін күнделікті ғадет туралы заманауи және классикалық теориялар құрайды. Осы зерттеуге И. Гоффманның фрейд теориясын, А. Шюцтің өмірлік әлемі секілді классикалық теорияларын қолданамыз. Күнделіктілік теориясын талдауда біз Э. Дюркгеймнің, Г. Гарфинкельдің тәжірибелер туралы классикалық концепцияларына және П.Бурдьенің және Э.Гидденстің заманауи концепцияларына сүйенеміз.

Осы зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты Батыс Қазақстан аймағының жастардың діншілдігін, үрдістерін, діни сенімдерінің көрініс ерекшеліктерін талдау және зерттеу болып келеді. Себебі қазіргі кезде жастар арасындағы діннің таралуы өте өзекті мәселе. Г.Т.Телебаевтің 2007 жылы жүргізілген зерттеу бойынша, қазіргі кезде қазақстандық жастар арасында «діни бейтараптылық» позициясы таралған деп көрсетеді. Ол жастардың шамамен үштен екісіне сай. Діни белсенді жастарға шамамен оннан бір бөлігі жатады. Ал үшінші орындағылар, өзін дінге сенбейтін адамдар қатарына қосады, бірақ басқа дін өкілдерін құрметтейді[2]. Еліміздегі дінаралық қатынастардың тұрақты екендігін қанша айтсақ та, қазіргі кездегі қазақ қоғамының шектен тыс исламдануы туралы барлық ақпарат көздері жарысып жазып жатқандығы белгілі. 2011 жылдың көктем-жаз айларындағы елімізде орын алған оқиғалар (Ақтөбедегі жанкештінің өзін-өзі атып жіберуі, Ақтөбе облысындағы Шұбаршы ауданындағы полиция қызметкерлеріне экстремисттер тобының шабуыл жасауы) еліміздің батыс бөлігіндегі діни ахуалға қоғамдастықтың назар аудару қажет екендігін айқын берді. Еліміздің батыс аймақтарындағы бұл жағдай бірнеше факторлармен анықталады.

Бұлай қауіптену негізсіз емес емес, Ақтөбе облысының өзінде-ақ заңды негізде 111 діни бірлестік жұмыс жасайды, оның ішінде 83 – исламдық, 7 – православ, 20 – протестанттық, 1 - иудейлік [3]. Сарапшылардың айтуынша, тұтастай Батыс Қазақстан облысы бойынша «джихадизмді» ұстанушылар саны өте көп. «Джихадизм» - радикалды діни ағым, негізгі және басты доктрина деп қарулы күресті, яғни «джихадты» қарастырады. Бұл діни ағым Батыс Қазақстан облысында таралуының бірден-бір себебі, оның джихадизмді таратушы негізгі орталық болып табылатын Солтүстік Кавказға географиялық жақын орналасуы.

Сондай-ақ, «Салафия» бағытының да араб елінен шыққан миссионерлердің белсенді қызметінің арқасында еліміздің мұнайлы аймақтарында (Атырау, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында) кеңінен таралғандығын айта кету керек. Полиция қызметкерлеріне қарулы қарсылық көрсеткен мұсылмандардың «салафиттер» мен «ваххабиттерге» жасанды түрде бөлінетіндігін айту қажет: олардың барлығы өздерін «таза дінді», яғни жергілікті ерекшеліктерді қоспай дәстүрлі және жалғыз исламды ұстанушыларға жатқызады.

«Проблемы национальной стратегии» журналының бас редакторы Аждар Куртовтың айтуынша: діни радикалдар Қазақстанның батыс бөлігіндегі халықтың әлеуметтік-экономикалық наразылығын өз пайдасына жаратып отырғандығы туралы да пікірлер кездеседі. Мұндай пікірдің таралуы да негізсіз емес, себебі елдің ең бай және мұнайлы өңірі болып табылатын батыс бөлігіндегі халықтың, тіпті оның ішінде жастардың наразылығын өз пайдасына жаратқан радикалдар «егер реформа жүргізіп, халифат құрсақ, бәрі түзеліп, өміріміз жақсарады» деген жалған ұрандармен жастарды баурап алуда. Өкінішке орай, жастардың басым бөлігінің әлі өмірлік бағдары нақтыланбаған, олар өздерін әлі де жоғары ақы төленетін жұмыс орнында сынап көрмеген, сондықтан мұндай үгіт-насихатты олар қабылдауға дайын және солардың арқасында радикал ұйымдар мүшелерінің саны артуда.

Тағы бір атап кететін жайт, жоғары білімді меңгерген жастар өз елінің еңбек нарығында ешқандай сұранысты сезінбейді. Сондықтан, олар өз экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында саяси партияға емес, діни қоғамдастыққа сеніп артып, ваххабиттер қатарын толықтырады. Осы орайда Д.Сатпаевтың сөздерін келтіре кетуге болады: «Адамдардың көп бөлігі, әсіресе жастар қазіргі саяси және экономикалық жүйенің аясында өз болашақтарына сеніммен қарай алмағандықтан, биліктің оларға өз еркімен бергісі келмейтін тұстарын, радикалдардың көмегімен алуға дайындығын көреміз» [4].


2011 жылғы 1 қаңтардағы 46 конфессиялар мен деноминацияларды көрсететін заңдық тұлғалардың белгілеріне ие емес, 4551 діни бірлестіктер мен шағын топтардан, 2012 жылы қайта тіркеу қорытындылары бойынша 3088 діни бірлестіктер қалды. Сөйтіп, діни бірлестіктердің саны 32% немесе үштен бірі қысқарды. Қайта тіркеу нақты діни ахуал туралы анық мәліметтерді алу мен жаңартуға мүмкіндік берді. Бұдан басқа, Қазақстандағы конфессиялар бұрынғы жылдары 46 болса, қазір 17 конфессия бар [5].

Біз 2016 жылдың қаңтар-ақпан айларында Батыс Қазақстан аймағы бойынша сауалнама жүргіздік. Негізгі гипотезаларым келесідей болды: жастардың діни сауаттылығы, дінге деген қызығушылығы төмен; жастардың діншілдігі номиналды болып келеді, олардың арасында діни салттарды тұрақты орындайтындар үлесі аз; дін институтына байланысты мемлекет тарапынан жүргізілетін саясаттың қарқындылығына қарамастан, жастардың діни институтқа сенімі төмен; жастардың діни ұстанымдары мен құндылықтары қарама-қайшы және оларды айыруы тікелей әлеуметтік-демографиялық жағдайына байланысты болып келеді; діни мәселелер жөніндегі ақпараттық-насихаттау топтарының жұмысы жайлы аз ақпараттанған; жастардың дәстүрлі емес діндерге деген көзқарастары теріс; діншілдіктің жоғары деңгейін көрсететін жастар арасында діни ұстанымдар мен нормаларды сақтау деңгейі төмен. Сондықтан да олардың ұстанатын діни ортасы басқа, өте қауіпті ағым болуы мүмкін.

Зерттеу жұмысында Батыс Қазақстан облысы бойынша 50 респондент, Ақтөбе облысы бойынша 50 респондент сұралды.. Жүргізілген анкеталық сауалнамаға 50% әйелдер және 50% ерлер қатысты. Этникалық қатыстылығы бойынша метрикалық мәліметтерге сәйкес,

72% қазақ, 18% – орыс және 10% респонденттері басқа этностардың өкілдеріне жатады: өзбектер (2%), татарлар (4%) және кәрістер (4%). (1-ші диаграмманы қараңыз).

1 диаграмма. Респонденттердің ұлттық белгілері бойынша жіктелуі




Жауаптар көрсетіп отырғандай діни ұстанымдарының алуан түрлілігі өзіне назар аудартады. Сұралғандардың басым көпшілігі (46 %) – ислам ханафи мазхабын ұстанады. Дегенмен, жастар арасында, аз деңгейде болса да салафиттермен, құдайға сенбейтіндер, содай-ақ басқа бағыттардың өкілдері зерттеуге қатысты (2-диаграмманы қараңыз).

2 диаграмма. Діни ұстанымы



Кейбір діни топтарға бөлек тоқтасақ, ең алдымен, **ханафи-мұсылмандары**. Олар, ең алдымен, діни рәсімдерді орындамайтын діндарлармен ұсынылған және әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларға қарамастан көпшілікті құрайды. Олар өздерінің дінге қатынасын «мерекелер мен кейбір формалдылықты сақтаумен шектелемін» деп сипаттайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың 8% өздерін діни рәсімдерді тұрақты орындайтын діндарлар қатарына, 9% құдайға сенбейтіндер қатарына жатқызады; мүлде қызықтырмайды деп жауап бергендер 25% болса, дінге қарсы - 2% және жауап беруге қиналамын деген нұсқаны таңдағандар 7% құрап отыр. (3-ші диаграмманы қараңыз)

3 диаграмма. Діни сенім деңгейі, %



Батыс Қазақстандықтардың діндарлығы едәуір «үстіртін» туралы пікір Қазақстанда кеңінен таралған. Өткізілген зерттеудің мәліметтері бұл пікірдің шынайылығын және оның ересектерге, сондай-ақ жастарға қатысты өзектілігін көрсетеді. Сұралғандардың көпшілігі діндарлар болып табылады, сондай-ақ олардың басым бөлігі өзінің діни өмірге қатысуын «иә, мен діндармын, бірақ мерекелер мен кейбір формалдылықты сақтаумен шектелемін» деп сипаттайды. Қазақстандық жастар діни астары бар қандай әрекеттерге қатысады? Осы сұраққа жауап алу мақсатында респонденттерге «Сіз көрсетілген критерийлерді орындайсыз ба?» деген сұрақ қойылды. Мәліметтер көрсетіп отырғандай, діни жастардың (діндар) көпшілігі кейбір діни практикаларға белсендірек қатысады. (1 кестені қараңыз).

1 кесте. Респонденттердің діни өмірдегі белсенділігі

№	Жауап нұсқалары	Орындаймын	Орындамаймын
1	Құдайға жүгіну (Аллахқа, Жоғары күшке)	53	47
2	Мешітке, шіркеуге, ғибадатханаға бару	64	36
3	Діни жораларды орындау (5 уақыт намаз оқу, дұға жасау)	27	73
4	Діни әдебиеттер оқу	16	84
5	Туыскандармен және достармен діни тақырыпқа сөйлесу	42	58
6	Діни мерекелерді тойлау	64	26
7	Діни теле/радио бағдарламаларды және интернет-бейне көру	32	68
8	Кедейлерге көмек (садака, қайыр) (мүмкіндігінше)	72	28

Жастар арасында келесі діни практикалар сирек таралған:

Діни жораларды сақтау (5 уақыт намаз оқу, дұға жасау), сұралғандардың 73% орындамайды. Діни әдебиеттерді оқу, респонденттердің 84% діни әдебиеттер оқымайтындығын айтты, алайда жастардың қалған 16% қандай да бір жиілікпен оған жүгінеді. Жастар діни өмірде сирек сүйенетін қызметтің үштігінді теле/радио бағдарламалар және интернет-видео көру тұйықтайды. Сұралғандардың 68% бұл критерийді орындамайтынын айтты. Бұған қарамастан бұл аудиторияға жастардың 32 % теле-радио бағдарламаларға, сондай-ақ интернет-видеоға қызығушылық танытатындығын атап өтуге болады.

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады:

Сауалнамаға қатысқан жастардың 50% әйел және 50% ерлер. Респонденттердің басым бөлігі қазақтар (72%). Зерттеу нәтижесі бойынша көпшілігі дінге сенеді (49%), ал 8% өздерін діни рәсімдерді тұрақты орындайтын діндарлар қатарына, 9% құдайға сенбейтіндер қатарына жатқызады; мүлде қызықтырмайды деп жауап бергендер 25% болса, атеистпін - 2% және жауап беруге қиналамын деген нұсқаны таңдағандар 7%. Дін ұстанатындар арасында басым бөлігі (46%) исламның ханафи мазхабын белгіледі. Тұрғындардың діни сана сезімінің негізгі ерекшелігі сенімдерінің «шартты» түрде болуы, яғни дінге сенетін адамдардың барлығы қалыптасқан діни рәсімдерді, салттарды орындамайды, тек кейбір мерекелерді тойлаумен және құдайға сенушілікпен ғана шектеледі.

Зерттеу нәтижелері бойынша өздерін қарапайым мұсылмандар қатарына жатқызған сауалнамаға қатысушы жастар - 46%, салафизм бағытына – 8% жатқызған.

Өздерін христиандықтардың православиелік бағытына - 16%, католицизмге - 7%, протестантқа - 3%, құдайға сенетін, бірақ өзін қандай да бір дінге жатқызбайтындардың үлесі 11%-ды құрады. Орташа немесе тұрақты түрде дін ұстаушылық көп жағдайда діни тәжірибелер арқылы көрініс табады.

Қазіргі таңдағы жағдай мен факторлар жағдайы бірқалыпты болып келеді, біртіндеп мұсылман қауымдастығы арта түсуде. Мемлекеттің зайырлы болуы діннің қоғамдағы үдерістерге одан ары әсер етуіне мүмкіндік береді. Басты мақсат алда тұрған міндеттерді тез арада орындау: қоғамның діни сауаттылығын арттыру, діни сенімдегі адамдармен жұмыс жасау, дәстүрлі діндер негізін анықтау, дәстүрлі емес деструктивті ұйымдары қызметіне мемлекет бақылауын күшейту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Б.Ж.Смағамбет. Шетелдік әлеуметтану тарихы: әлеуметтану мамандығына арналған оқулық – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010. – 288б.
2. Телебаев Г.Т. Этнорелигиозная идентификации молодежи Казахстана. Основные итоги республиканского социологического исследования. Астана-2007
3. Каратаев А. В. Поисках веры // Актюбинский вестник, 10 февраль 2011г.
4. Религиозная обстановка в Актюбинской области особо беспокоит – А.Мусин // BNews.kz
5. <http://strategy2050.kz/ru/news/3804>
6. Абуов А.П., Смагулов Е.М. (отв.редакторы) Новые религиозные движения в Евразии. Сборник материалов международной научно-практической конференции (г. Караганда, 8-9 апреля 2010 г.) - Астана: Международный центр культур и религий, 2010.
7. <http://www.din.gov.kz>

УДК 316.356.2

ФЕНОМЕН РАБОТАЮЩЕГО СТУДЕНТА: МОТИВЫ, РЕАЛЬНОСТЬ, ПРОБЛЕМЫ

Жакупова Айнур Абайдуллакызы

ainur_31.01.95@mail.ru

Худоев Ольга Антоновна

olya_196@mail.ru

студентки третьего курса специальности Социология ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана,
Казахстан

Научный руководитель – и.о. доцента Даненова Д.Б.

Совмещение учебы и работы студентами вузов становится все более актуальной темой в современных междисциплинарных исследованиях в области экономики труда и социологии образования. Исследователи отмечают тенденцию к существенному росту